



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

от «__» _____ 201__ года

№ исх: 451 от: 20.10.2020

2019-2020 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындылары бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерінің 24-тармағының 7) тармақшасына сәйкес және 2019-2020 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындылары бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру жөніндегі комиссия отырысының 2020 жылғы 14 қазандағы № 8 хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2019-2020 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындылары және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) өткізген конкурс нәтижелері бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттары:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ақылы негізде оқитын студенттерге;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ақылы негізде оқитын магистранттарға берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қаржы және мемлекеттік сатып алу департаменті (Г.С. Шақаева) осы бұйрықтың 1-тармағын іске асыру бойынша заңнамалық тәртіппен қаржыландыруды 2020 жылғы 1 қазаннан бастап жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (Д.Н. Смағұлов) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу

процесінде босаған бос білім беру гранттарын беру туралы куәліктерді ресімдесін және оларды тиісті ЖЖОКБҰ-ға үш жұмыс күні ішінде тапсырсын.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә.Ж. Тойбаев) осы бұйрықты тиісті ЖЖОКБҰ-ның назарына жеткізсін.

5. ЖЖОКБҰ-ның ректорлары білім беру грантын тағайындау туралы куәлік негізінде одан әрі білім беру гранты бойынша оқу үшін тиісті бұйрықтың шығарылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.М. Дәуленовке жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

А. Аймағамбетов

Результаты согласования

19.10.2020 15:41:00: Тойбаев А. Ж. (Департамент высшего и послевузовского образования) - - согласовано без замечаний